



Жалпы сақтандыру нарығына шолу

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА

2025 жылдың 1 жартыжылдығының нәтижелері

Негізгі үрдістер


- 2026 жылдың қаңтар-маусым айларында жалпы сақтандыру нарығы оң динамиканы сақтап қалғанымен, кеңею қарқыны айтарлықтай баяулады.
- ЖСК активтері бір жыл бұрынғы 7,2%-бен салыстырғанда 4,7%-ға ұлғайды, ал олардың сақтандыру нарығының жиынтық активтеріндегі үлесі 43%-дан 39%-ға дейін төмендеді. Бұл сақтандыру секторы құрылымының активтері едәуір жылдам өсіп жатқан өмірді сақтандыру компанияларының пайдасына қайта бөлінуі жалғасып жатқанын көрсетеді.
- Активтер құрылымында қайта сақтандыру активтері едәуір қысқарды (–19% немесе ₸15,6 млрд), бұл берілген тәуекелдер бойынша күтілетін өтемақылардың төмендеуімен және қайта сақтандыру қорғанысы құрылымының өзгеруімен байланысты болуы мүмкін.
- ЖСК бағалы қағаздар портфелі де аздап қысқарды (–1% немесе ₸10 млрд), бұған теңгенің нығаюы (2026 жылдың 6 айында USDKZT –5,1%) және қаржы нарықтарындағы сақталып отырған құбылмалылық салдарынан валюталық бөліктің теріс қайта бағалануы себеп болды.
- Сонымен қатар, ликвидті активтер көлемі, атап айтқанда, ақша қаражаты (+17% немесе ₸21 млрд) және кері РЕПО операциялары (+8% немесе ₸4 млрд) өсті, бұған портфельдің бір бөлігін жоғары кірістілік аясында қысқа мерзімді құралдардың пайдасына қарай қайта бөлу ықпал етті.
- Сонымен қатар, сегмент ішіндегі шоғырлану төмендеді: бәсекелестіктің күшеюі жағдайында сегіз ірі ойыншының үлесі ЖСК активтерінің (бір жыл бұрын 92,3%-нан) 91,7%-ына дейін төмендеді.
- ЖСК міндеттемелері бір жыл бұрынғы 4,7%-дық өсімнен кейін 0,4%-ға қысқарды. Бұл негізінен туындаған залалдар бойынша міндеттемелердің (–13% немесе ₸40,0 млрд) және ақша ағындарының ең үздік бағалауының (–4% немесе ₸8,2 млрд) төмендеуі есебінен орын алды. Бұл өткен кезеңдердегі жоғары төлемдерден кейін бұрын қалыптасқан сақтандыру міндеттемелерінің ішінара қалыпқа келуін көрсетуі мүмкін.

- Сақтандыру сыйақыларының өсімі де бір жыл бұрынғы 14,3%-бен салыстырғанда 3,9%-ға дейін айтарлықтай баяулады, сондай-ақ жекелеген сегменттердегі динамика әр түрлі бағытта қалыптасты.
- Ең айқын төмендеу ерікті жеке сақтандыруда байқалады (–25,0% немесе ₸15,0 млрд), бұл негізінен жазатайым оқиғалардан сақтандырудың (–88,1% немесе ₸12,8 млрд) қысқаруына байланысты. Мұның себебі — банк қарыздарына байланысты шарттар бойынша сақтандыру агенттерінің комиссиясына (сақтандыру сыйақысының 10%-ына дейін) шектеу қойылуы, сондай-ақ бөлшек қарыздарды беру көлемінің қысқаруы (–3,6%).
- Сонымен қатар, өсім міндетті сақтандыруда (+15,3% немесе ₸11,6 млрд), негізінен автокөлік иелерінің АҚЖМС есебінен, және ерікті мүлктік сақтандыруда (+6,9% немесе ₸20,2 млрд) сақталды.
- Осылайша, сыйақылар құрылымы несие берумен байланысты жеке өнімдерден біртіндеп міндетті және мүлктік сақтандыру бағытына қарай ауысуда.
- Сақтандыру төлемдері сыйақылармен салыстырмалы түрде өсті — бір жыл бұрынғы 45,2%-дық секірістен кейін 4,9%-ға. Олардың өсіміне негізгі үлесті автокөлік иелерінің АҚЖМС қосты (+22,5% немесе ₸11,4 млрд). Реттеудің сақталып отырған жоғары құны жоғары азық-түлік емес инфляция (+11,7%) жағдайында қосалқы бөлшектер, материалдар мен жөндеу жұмыстары бағасының өсуімен байланысты болуы мүмкін.
- Нәтижесінде төлемдердің сыйақыларға арақатынасы дерлік өзгерген жоқ (34%), алайда жекелеген сегменттер бойынша динамика айтарлықтай ерекшеленді: міндетті сақтандыруда көрсеткіш 71%-дан 73%-ға дейін өсті, ерікті жеке сақтандыруда — 38%-дан 53%-ға дейін, ал мүлктік сақтандыруда 23%-дан 20%-ға дейін төмендеді.
- Таза пайда ₸69,3 миллиардтан ₸83,7 миллиардқа дейін өсті, бұған бұрын жасалған шарттар бойынша сақтандыру түсімінің өсуі және ХҚЕС 17 енгізілгеннен кейін сақтандыру кірістері мен шығындарын тану құрылымының өзгеруі себеп болды.




Сектордың баланстық (реттеушілік) көрсеткіштері

Сектордың жиынтық көрсеткіштері, млрд теңге




Сектордың ТОП-8 компаниясының көрсеткіштері, млрд теңге




Сектордың активтері мен міндеттемелерінің құрылымы

Сектор активтерінің құрылымы, млрд теңге




Сектор міндеттемелерінің құрылымы, млрд теңге




Төлемдер мен сыйлықақылардың арақатынасы

Төлемдердің сыйлықақыларға арақатынасы, млрд теңге




Сақтандыру компаниялары бөлінісінде, млрд теңге




Сыйлықақылар мен төлемдер

Сақтандыру кластары бойынша, млрд теңге



Сыйлықақылар мен төлемдердің нысаналы мақсаты




Жалпы сақтандыру нарығының кірістері мен шығыстары


Кірістер мен шығыстардың құрылымы, %



Таза пайда, млрд теңге



Капиталдың орташа өлшенген кірістілігі (RoE)



Кезеңнің қысқаша қорытындылары

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында жалпы сақтандыру нарығы өсудің неғұрлым салмақты моделіне көшті. Өткен кезеңнің жоғары қарқынынан кейін бизнес ауқымының кеңеюі баяулады, ал сыйақылар құрылымы өзгере бастады: бөлшек саудадағы несиелеумен байланысты сақтандыру өнімдерінің қысқаруы міндетті және мүлтік сақтандыру есебінен біртіндеп орны толтырылуда. Нәтижесінде, сектордың одан арғы динамикасы несиелік циклге азырақ, ал дәстүрлі сақтандыру өнімдеріне деген сұранысқа көбірек тәуелді болып келеді.

Төлемдердің сыйақыларға арақатынасының жалпы алғанда тұрақты болуы міндетті және ерікті жеке сақтандырудағы (50%-дан жоғары) айтарлықтай жоғары жүктемені жасырып тұр. Әсіресе, автокөлік иелерінің АҚЖМС экономикасы сезімтал күйінде қалып отыр, мұнда реттеу құнының өсуі онша жоғары емес сыйақылар жағдайында жоғары залалдылықты қолдап отыр. Бұл тәуекел-профильге сай келетін тариф түзудің маңыздылығын арттыра түседі.

Активтер құрылымындағы өзгерістер де балансты басқарудың сақтық моделіне көшкенін көрсетеді: ақша нарығының жоғары кірістілігі аясында өтімді және қысқа мерзімді құралдарға салымдар ұлғаяуда, бұл ретте жекелеген нарықтық және қайта сақтандыру позициялары қысқаруда. Сонымен қатар, капиталдың өсуі кезінде міндеттемелердің төмендеуі сектордың қаржылық тұрақтылық қорын сақтап қалады.

Қаржылық нәтижелер оң күйінде қалып отыр, алайда жиынтық пайданың өсуі капиталдың орташа кірістілігінің жоғарылауымен қатар жүрмеді (бір жыл бұрынғы 9,2%-ға қарсы 9,3%).

Осы жағдайда әзірленіп жатқан *2030 жылға дейінгі сақтандыру нарығын дамыту бағдарламасы* мен *Жаңа сақтандыру қызметі туралы заң* аса маңызды рөл атқарады. Міндетті сақтандыруды неғұрлым икемді реттеуге көшу, инфрақұрылым мен сату арналарын дамыту, сондай-ақ сақтандыру өтеміне кеңейту сектордың өсуінің жаңа көздерін құруы мүмкін. Бұл ретте екінші жартыжылдықта оның динамикасы бөлшек несиелендірудің салқындауы және сақтандыру залалдарының жоғары құнының сақталуы аясында салмақты болып қала бермек.

